

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Federal Express Corporation" арасындағы
Халықаралық әуе жүк тасымалдары туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 27 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Federal Express Corporation" арасындағы Халықаралық әуе жүк тасымалдары туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Federal Express Corporation" арасындағы Халықаралық әуе жүк тасымалдары туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі
м е н
"Federal Express Corporation"
арасындағы халықаралық әуе тасымалдары туралы келісім

Осы келісім 200__жылғы _____ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары, Делавэр штатының заңдарына сәйкес ұйымдастырылған және жұмыс істейтін, Америка Құрама Штаттары, Теннесси штаты, Мемфис қаласында штаб-пәтері бар Federal Express Corporation корпорациясы (бұдан әрі - "Федекс Экспресс") арасында жасалды және күшіне енді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өз аумағы мен әлемнің басқа елдерінің аумақтары арасындағы әуе тасымалын кеңейтудің экономикалық артықшылығын мойындай отырып, "Федекс Экспрессті" Қазақстан Республикасындағы пунктке (пункттерге), пункттен (пункттерден) және пункт (пункттер) арқылы әуе жүк тасымалдарын орындауға тартуды қалайтындықтан; және

"Федекс Экспресс" Қазақстан Республикасындағы пунктке (пункттерге), пункттен (пункттерден) және пункт (пункттер) арқылы әуе жүк тасымалдарын орындауды қ а л а й т ы н д ы қ т а н ,

осы келісімнің ережелерін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Федекс Экспресс" (бұдан әрі - Тараптар) төмендегілер туралы келіседі.

1 - б а п

Айқындамалар

Егер өзгеше айқындама келісілмесе, онда осы келісім мақсатында онда қолданылатын терминдерге мынадай маңыз берілді:

1. "Авиациялық билік орындары" термині Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетін білдіреді.

2. "Келісім" термині осы келісімді және оған кез келген түзетулерді білдіреді.

3. "Әуе тасымалдары" термині әуе кемелерімен бөлек немесе бірлесіп, сыйақы үшін немесе жалға алу бойынша жүкті және почтаны қоғамдық тасымалдауды білдіреді.

4. "Конвенция" термині 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикаго қаласында қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны білдіреді және:

1) Конвенцияның 94(а)-бабына сәйкес күшіне енген және Қазақстан Республикасының Парламенті мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі ратификациялаған кез келген түзетуді, және

2) осындай қосымша немесе түзету кез келген берілген уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметіне де, Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне де қатысты күшінде болуы шартымен, Конвенцияның 90-бабына сәйкес қабылданған кез келген қосымшаны немесе кез келген түзетуді қамтиды.

5. "Халықаралық әуе жүк тасымалы" термині оларды орындау кезінде, тасымалдауда немесе қайта тиеуде үзілістің болған немесе болмағандығына қарамастан, жөнелту және бару пункттері: екі мемлекеттің аумағында; немесе

егер екінші мемлекет аумағында аялдау көзделсе, бір мемлекеттің аумағында орналасатын әуе жүк тасымалдарын білдіреді.

6. "Тариф" термині жүкті немесе почтаны әуе арқылы тасымалдағаны үшін "Федекс Экспресс", соның ішінде оның өкілдері алатын кез келген тарифтік ставканы немесе алымды, сондай-ақ осындай тарифтік ставкалардың немесе алымдардың болуын белгілейтін шарттарды білдіреді.

7. "Коммерциялық емес мақсаттармен аялдау" термині әуе тасымалдары барысында жүкті және/немесе почтаны бортқа қабылдаудан немесе түсіруден өзге кез келген мақсатта қонуды білдіреді.

8. "Коммерциялық мақсаттармен аялдау" термині әуе тасымалдары барысында жүкті және/немесе почтаны бортқа қабылдау немесе түсіру мақсатында қонуды білдіреді.

9. "Аумақ" термині Қазақстан Республикасының егемендігіндегі, юрисдикциясындағы құрлық аумақтарын және оларға жақын орналасқан аумақтық суларды білдіреді.

10. "Пайдаланғаны үшін алым" термині авиакомпаниялардан оларға әуежай жабдығы мен қызметтерін, аэронавигациялық жабдықты немесе қызметтерді, не

қажетті қызметтер мен жабдықты қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жабдықты немесе қызметтерді ұсынғаны үшін алынатын алымдарды білдіреді.

2 - б а п

Құқықтар беру

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі халықаралық әуе жүк тасымалдарын орындау үшін "Федекс Экспресске" мынадай құқықтарды береді:

- 1) өз мемлекетінің аумағы арқылы қонусыз ұшып өту;
- 2) өз мемлекетінің аумағына коммерциялық емес мақсаттармен қону; және
- 3) Қазақстан Республикасы мен әлемнің кез келген басқа еліндегі кез келген пункттің немесе кез келген пункттердің арасында халықаралық әуе жүк тасымалдарын жүзеге асыру.

2. Осы бапта ешнәрсе де "Федекс Экспресске" Қазақстан Республикасы аумағындағы басқа пунктке ақылы түрде жеткізу үшін Қазақстан Республикасының аумағы шегінде жүкті немесе почтаны бортқа алу құқығын бермейді.

3. Дирекциялық немесе географиялық шектеусіз және тасымалдарды орындауға арналған құқығын жоғалтпай, "Федекс Экспресс" кез келген немесе барлық рейстерде және өзінің қалауы бойынша осы Келісімде осылар көзделген кез келген жағдайда, мыналарды орындай алады:

- 1) кез келген бір бағытта немесе екі бағытта ұшуларды орындауды;
- 2) рейстердің әр түрлі нөмірлерін әуе кемесінің бір операциясына біріктіруді;
- 3) жақын, аралық және алыс пункттерге және Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттерге кез келген үйлесімде және кез келген дәйектілікте қызмет көрсетуді;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағы шегінде де, одан тысқары да халықаралық әуежай мәртебесіне ие кез келген пункттерде аялдауды;
- 5) кез келген пункттегі немесе кез келген пункттердегі аялдамаларға тоқтамай өтуді;
- 6) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдарды жүзеге асыруды;
- 7) бағыттардың кез келген пунктінде өзінің кез келген әуе кемесінен өзінің басқа кез келген әуе кемесіне тасымалдарды беруді;
- 8) Қазақстан Республикасынан шығарылатын тасымалдарды басқа елден немесе басқа елдерден шығарылатын тасымалдармен бір әуе кемесінде біріктіруді;
- 9) әуе кемесін немесе рейс нөмірін ауыстырып немесе ауыстырмай кез келген елдегі кез келген пункттің жанындағы пункттерге қызмет көрсетуді және осындай қызметтерін тікелей әуе қатынасы ретінде жұртшылыққа жариялы түрде ұсынуды және жарнамалауды;
- 10) жоғарыда аталған бағыттардың кез келген учаскесінде немесе кез келген учаскелерінде бағыттың кез келген пунктіндегі, пайдаланылатын әуе кемесінің

үлгісіндегі немесе нөміріндегі өзгерістерге қатысты шектеусіз әуе жүк тасымалдарын о р ы н д а у д ы ;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген әуе кеңістігін пайдаланудағы артықшылықтарды қоспағанда кез келген басқа елдің кез келген авиакомпаниясы пайдалана алатын Қазақстан Республикасының аумағы үстіндегі кез келген әуе жолын немесе бағытын пайдалануды және қосымша немесе баламалы әуе жолдарын және бағыттарды пайдалануға рұқсат сұрай алады. Осындай сұрау салулар авиациялық билік орындарына қарауға жіберіледі.

3 - б а п

Тағайындау

"Федекс Экспресстен" ұшуларды орындауға және әуе кемелеріне жерде қызмет көрсетуге құқықтар беру үшін ұйғарылған нысанда және тәсілде жасалған өтінімдерді алысымен авиациялық билік орындары заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті рұқсаттарды, сертификаттарды және лицензияларды береді.

4 - б а п

Заңдарды қолдану

1. Қазақстан Республикасының аумағына келгенде, онда болғанда немесе мемлекеттің аумағынан кеткенде "Федекс Экспресс" әуе кемелерін пайдалануға және олардың навигациясына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды.

2. Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде, онда болғанда немесе аттанғанда, әуе кемесіндегі экипаждың немесе жүктің (кіруге, авиациялық қауіпсіздікке, көшіп келуге, паспорттарға, кедендік және санитарлық рәсімдерге қатысты ережелерді немесе почта жағдайында, почтаға қатысты ережелерді қоса алғанда) Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдануын, келуін немесе одан жөнелтілуін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын "Федекс Экспресс" сақтайды немесе оның атынан сақталады.

5 - б а п

Қауіпсіздік

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы келісімде көзделген халықаралық әуе жүк тасымалдарын жүзеге асыру мақсаттары үшін Америка Құрама Штаттарының Үкіметі берген немесе таныған және күші жойылмаған ұшу жарамдылығы сертификаттарын, ұшу біліктілігі сертификаттарын және куәліктерін мұндай сертификаттарға немесе куәліктерге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы, Конвенция қоятын ең аз стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан артық болуы ш а р т ы м е н ж а р а м д ы д е п т а н ы д ы .

2. "Федекс Экспресс" авиациялық құралдарға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген қауіпсіздік ережелеріне қатысты мәселелер бойынша консультациялар сұрай алады.

Авиациялық қауіпсіздік

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі халықаралық құқыққа сай өзінің құқықтары мен міндеттемелеріне сәйкес оның азаматтық авиация қауіпсіздігін заңсыз араласу актілерінен қорғау міндеттемелері осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатындығын растайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі халықаралық құқыққа сай өзінің құқықтары мен міндеттемелерінің жалпы сипатын шектеместен, атап айтқанда, 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токиода қабылданған Әуе кемесінің бортында жасалған қылмыстар және кейбір басқа да әрекеттер туралы конвенцияның, 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаагада қабылданған Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенцияның, 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреальда қабылданған Азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттерге қарсы күрес туралы конвенцияның және 1988 жылғы 24 ақпанда Монреальда қабылданған Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін әуежайларда күш көрсетудің заңсыз актілеріне қарсы күрес туралы хаттаманың ережелеріне сәйкес әрекет етеді.

2. Талап бойынша Тараптар азаматтық әуе кемелерін заңсыз басып алу әрекеттерінің және осындай әуе кемелері мен экипаждардың, сондай-ақ әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігін бұзатын басқа да заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін және азаматтық аэронавигацияның авиациялық қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқа да кез келген қауіпті жою үшін бір-біріне барлық қажетті көмекті ұ с ы н а д ы .

3. Осы Келісімге сәйкес "Федекс Экспресс" жүзеге асыратын әуе тасымалдарына қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі авиациялық қауіпсіздік ережелеріне және Халықаралық азаматтық авиация ұйымы белгіленген және Конвенцияға Қосымша ретінде ресімделген тиісті ұсынылатын практикаға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

4. "Федекс Экспресс" Қазақстан Республикасының аумағына кіру, кету және болу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген авиациялық қауіпсіздік ережесін сақтауға келіседі.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі тиеуге дейін және тиеу уақытында әуе кемесін қорғау және экипажды, олардың жүгі мен қол жүгін, сондай-ақ жүкті және борттық қорларды тексеру үшін барабар шараларды қабылдауға келіседі. Бұдан басқа, әрбір Тарап нақты қауіпті жою мақсатында авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің айрықша шараларына қатысты екінші Тараптың кез келген сұрауына оң қарайды.

6. Әуе кемесін заңсыз басып алу жанжалы немесе жанжал қауіпі төнген немесе экипаждың, әуе кемесінің, әуежайлардың немесе аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігін бұзатын басқа да заңсыз іс-әрекеттер жағдайында Тараптар байланысты орнатуға ықпал ете отырып және осындай жанжалдарды немесе олардың қауіпін

жылдам және қауіпсіз жою үшін өзге де тиісті шараларды қабылдай отырып, бір-біріне к ө м е к т е с е д і .

7. Егер Тараптың осы бапқа сәйкес авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша екінші Тараптың барабар шаралар қабылдамағандығына қисынды негіздемесі бар болса, ол екінші Тараппен шұғыл консультация өткізуді талап етуі мүмкін және Тараптар осы мәселені тез шешуге адал ниетпен ұмтылады.

7 - б а п

Коммерциялық мүмкіндіктер

1. "Федекс Экспресстің" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық әуе жүк тасымалдарын жарнамалау және іске асыру үшін өз офистерін ашуға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының кіруді, болуды және жалға алу бойынша жұмысты реттейтін заңнамасына сәйкес "Федекс Экспресстің" Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық әуе жүк тасымалдарын жүзеге асыру үшін қажетті басқарушы, сауда, техникалық, пайдалану және өзге де мамандар штатын әкелуге және ұстауға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

3. "Федекс Экспресстің" Қазақстан Республикасының аумағында өзінің жердегі қызмет көрсетуді ("өзіне өзі қызмет көрсету") қамтамасыз етуге немесе өз қалауы бойынша ішінара не толық қамтамасыз ету үшін осындай қызметтерді бәсекелес жеткізушілердің бірін таңдауға құқығы бар. Бұл құқықтар әуежай қауіпсіздігі пайымымен байланысты табиғи кедергілермен ғана шектеледі. Егер осындай пайымдаулар өзіне өзі қызмет ету мүмкіндігін болдырмаса, "Федекс Экспресске" жердегі қызмет көрсету басқа авиакомпанияларға ұсынылған шарттарда беріледі; ақы төлеу ұсынылған қызметтер құнына негізделеді және осындай қызмет көрсету қызметтердің сипаты мен сапасы бойынша өзіне өзі қызмет көрсетумен мүмкіндігінше с а л ы с т ы р м а л ы б о л у ы т и і с .

4. "Федекс Экспресс" Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық әуе жүк тасымалдарын тікелей және өз қалауы бойынша өзінің агенттері арқылы сатумен айналыса алады. "Федекс Экспресстің" осындай тасымалдарды сатуға құқығы бар, ал кез келген тұлға осындай тасымалдарды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен немесе валюталық реттеу саласындағы ұлттық заңнамаға сәйкес еркін айналымдағы шетел валютасымен төлей отырып, сатып алуы мүмкін.

5. "Федекс Экспресстің" Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қызметінен түскен кірісті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілуі қажет төлемдерді шегере отырып, айырбастауға және өз еліне аударуға құқығы бар.

6. "Федекс Экспресске" Қазақстан Республикасының аумағында отын сатып алуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілетін оның шығыстарын ұлттық валютамен төлеуге рұқсат етіледі. "Федекс Экспресс" Қазақстан Республикасының аумағындағы осындай шығыстарды валюталық реттеу саласындағы

ұлттық заңнамаға сәйкес, өз қалауы бойынша, еркін айналымдағы шетел валютасымен
т ө л е у і м ү м к і н .

7. Жоғарыда, 2-бапта сипатталған бағыттарда уәкілетті әуе тасымалдарын орындай отырып немесе орындауды ұсына отырып, "Федекс Экспресс", осындай шартқа қатысушылардың барлығының (біріншіден) тиісті өкілеттіктері бар болғанда және (екіншіден) осындай шарттарға әдетте қойылатын талаптарды қанағаттандыруы ш а р т ы м е н :

1) кез келген елдің авиакомпаниясымен немесе авиакомпанияларымен,
2) кез келген елдің жердегі тасымалдарды жеткізушісімен, ынтымақтастық туралы маркетингтік келісімдер, мысалы ұдайы броньдау орындары, кодтарды бірлесіп пайдалану немесе жалға алу туралы шарт жасасуы мүмкін, бірақ оған міндетті емес.

8. Осы келісімнің кез келген басқа ережелеріне қарамастан "Федекс Экспресске" халықаралық әуе жүк тасымалдарына байланысты барлық әуежайларға немесе барлық әуежайлардан кедендік құралдармен жүкті жеткізуді қоса алғанда және бұл мүмкін болған жерде қолданылатын заңнамаға сәйкес кеденде қалдырылған жүкті тасымалдау құқығын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы немесе үшінші елдердегі кез келген пунктке дейін немесе пункттен кез келген жер үсті тасымалдарын шектеусіз пайдалануға рұқсат етіледі. Жердегі, сондай-ақ әуедегі тасымалдар барысында осындай жүктің әуежайлардағы кедендік өңдеуге және кедендік тексеру құралдарына рұқсаты болады. "Федекс Экспресс" өзінің жер үсті тасымалдарын өз қалауы бойынша өзі жүзеге асыруы мүмкін немесе басқа авиакомпаниялар мен әуе жүк тасымалдарын жанама жеткізушілер жүзеге асыратын жер үсті тасымалдарын қоса алғанда, жердегі басқа тасымалдаушылармен келісім бойынша оларды қамтамасыз етуі мүмкін. Осындай тасымалдармен байланысты фактілерге қатысты жүк жөнелтушінің жаңылмауы шартымен, осындай құрамдастырылған жүк тасымалдары әуе және жер үсті бірлескен тасымалдар үшін бірыңғай толассыз тариф бойынша ұсынылауы мүмкін.

9. Осы келісімнің кез келген басқа ережелеріне қарамастан, "Федекс Экспресс" жүзеге асыратын халықаралық әуе жүк тасымалдары шеңберінде қозғалатын және Қазақстан Республикасының аумағын бір үшінші елден екіншісіне барар жолда кесіп өтетін жүк, егер осындай жүк қандай да бір әуе кемесінің бортында қалатын немесе осындай транзиттік тасымал барысында бір әуе кемесінен екіншісіне қайта тиелетін болса, кедендік рәсімдерге жатпайды (құжаттық рәсімделуге, тексеруге немесе нысандылықтарға). Жоғарыда айтылғанның жалпы мағынасын шектеусіз транзиттік жүк Қазақстан Республикасының аумағы шегінде төтесінен бір әуе кемесінен басқасына, осындай әуе кемелері әуежай рампасында тұрақта тұрғанда, осындай жүкті қоймаға және қоймадан немесе әуежайдағы жүктерді өңдеу жөніндегі басқа орталықтан жылжытпастан, жылжытылуы мүмкін.

8 - б а п

Кедендік төлемдер мен салықтар

Кедендік төлемдер мен салықтарды өндіріп алу Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына, сондай-ақ Чикаго қаласында 1944 жылы 7 желтоқсанда жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес жүзеге асырылады.

9 - б а п

Пайдаланғаны үшін алымдар

1. Алымдар үшін жауапты билік орындары немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары "Федекс Экспресске" салуы мүмкін пайдаланғаны үшін салықтар әділ, негізделген, әділетсіз кемсітушіліктен бос және пайдаланушылар санаттары арасында тең бөлінуі тиіс. Кез келген жағдайда пайдаланғаны үшін кез келген осындай алымдар "Федекс Экспресс" осындай алымдар есептелген күнге жай-күйі бойынша кез келген басқа авиакомпания үшін қолайлы болатын жағдайдан кем түспейтін ш а р т т а р д а ө н д і р і п а л ы н а д ы .

2. Пайдаланғаны үшін алымдар "Федекс Экспресске" Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес белгіленген әуежайлар мен аэронавигация қызметтеріне арналған алымдар ставкасы және бағалар мөлшері бойынша салынады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі алымдарға жауапты билік органдары немесе оның мемлекетінің аумағындағы уәкілетті органдар мен "Федекс Экспресс" арасындағы консультацияларды қолдайды және осы баптың 1 және 2 параграфтарының қағидаттарына сәйкес алымдардың негізделгендігін ұқыпты талдау үшін қажет болған кезде, алымдар үшін жауапты билік органдары немесе органдар мен "Федекс Экспресс" арасындағы осындай ақпаратпен алмасуды қолдайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі алымдар үшін жауапты билік орындарын "Федекс Экспресске" пайдаланғаны үшін алымдарды өзгертуі жөніндегі кез келген ұсыныс туралы "Федекс Экспресске" осы өзгерістер енгізілгенге дейін өз пікірін айтуға мүмкіндік беру үшін негізделген хабарлама жіберуге түрткі болады.

1 0 - б а п

Адал бәсекелестік

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Федекс Экспресске" осы Келісіммен реттелетін халықаралық әуе жүк тасымалдарында әділ және тең бәсекелесуге мүмкіндік б е р е д і .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Федекс Экспресске" рыноктағы коммерциялық пайымдауларды негізге ала отырып, ол ұсынатын халықаралық әуе жүк тасымалдарының жиілігі мен көлемін белгілеу құқығын береді. Осы құқыққа сәйкес Қазақстан Республикасының авиациялық билік орындары мұны кедендік, техникалық, пайдалану немесе экологиялық себептер талап етуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, тасымалдар көлемін, жиілігін, немесе қызметтердің тұрақтылығын, немесе "Федекс Экспресс" пайдаланатын әуе кемелерінің үлгісін (үлгілерін) шектемейді. Жоғарыда

айтылған жағдайға қарамастан, "Федекс Экспресс" Қазақстан Республикасының авиациялық билік орындарын ол ұсынатын халықаралық әуе жүк тасымалдарының жиілігі мен көлемі туралы хабардар етеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Федекс Экспресске" артықшылық құқықты ұсыну туралы міндеттемені, тиелім деңгейі үшін төлемді, тыйым салудың жоқтығы үшін сыйақыны немесе осы Келісімнің мақсаттарына үйлеспейтіндей көлемге, жиілікке немесе әуе тасымалдарына қатысты кез келген басқа талапты жүктемейді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Федекс Экспресстен" навигация кезеңінде ұшуды орындау кестесін (өтінішін) ұсынуды талап етеді, бірақ осы баптың 2-параграфында көзделген біртекті шарттарды енгізу үшін кемсітушіліксіз негізде талап етілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, ұшу кестелерін немесе жұмыс жоспарларын бекітуге ұсынуды талап етпейді. Егер Қазақстан Республикасының Үкіметі жоғарыда аталған құжаттарды ақпараттық мақсатта ұсынуды талап етсе, онда ол "Федекс Экспресстің" өзінің және "Федекс Экспресс" делдалдарының әуе тасымалдарының талаптары мен рәсімдерін орындаудағы төрешілдік қиындықтарын барынша азайтады. Жоғарыда айтылғанға қарамастан, "Федекс Экспресс" өзінің әуе қозғалысына бақылау жасау жөніндегі барлық әдеттегі рәсімдерді және алдын ала хабарлауға қатысты аэронавигациялық рәсімдерді сақтайтынын растайды.

1 1 - б а п

Тарифтерді белгілеу

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Федекс Экспресске" рыноктағы коммерциялық пайымдауларды негізге ала отырып, халықаралық әуе жүк тасымалдарының тарифтерін белгілеуге рұқсат етеді.

2. "Федекс Экспресс" Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасынан орындалатын халықаралық әуе жүк тасымалдары тарифтерін авиациялық билік орындарына ұсынуға тиіс емес. Жоғарыда айтылғанға қарамастан, "Федекс Экспресс" талап бойынша осы авиациялық билік орындарына қолайлы болатын тәсілде және нысанда авиациялық билік орындарының өткен, ағымдағы және жоспарланып отырған тарифтер туралы ақпаратқа кідіріссіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Федекс Экспресстің" меншікті авиажелілеріндегі немесе бірнеше компаниялар үшін ортақ авиажелілердегі тасымалдарды қоса алғанда, халықаралық әуе жүк тасымалдары үшін өндіріп алуға ұсынып отырған немесе өндіріп алатын жаңа тарифтерді енгізуге немесе ескі тарифтерді сақтауына кедергі жасайтын біржақты шараларды қабылдамайды.

1 2 - б а п

Консультациялар

Тараптардың кез келгені кез келген уақытта осы келісіммен байланысты консультациялар жүргізуді талап ете алады. Мұндай консультациялар мүмкіндігінше

қысқа мерзімде, бірақ егер өзгеше уағдаласушылықтар болмаса, екінші Тараптың консультациялар өткізу туралы талабын алғаннан кейін 60 күннен кешіктірмей басталады.

1 3 - б а п

Дауларды реттеу

Осы келісімге байланысты ресми консультациялардың бірінші кезеңі барысында шешілмеген кез келген дау Қазақстан Республикасының сот органдарына қарауға беріледі. Қолданылатын материалдық және процессуалдық құқық деп Қазақстан Республикасының заңнамасы танылады.

1 4 - б а п

Егемен мемлекеттің иммунитетінен бас тарту

Осы келісім мәнінің коммерциялық сипатын мойындай отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі осымен өзінің басқа жағдайларда ие болуы мүмкін қандай да болмасын егемен мемлекеттің иммунитеті құқығын пайдаланудан бұлтартпай, шартсыз және кері қайтарусыз бас тартады, және егемен мемлекеттің иммунитетіне, мемлекеттік билік актісіне немесе кез келген басқа ұқсас заң доктринасына немесе теориясына негізделген осы Келісімді немесе осы Келісімге байланысты немесе басқа мақсаттарға қабылданған қандай да болмасын қаулыларды мәжбүрлеп орындату үшін жүргізілетін кез келген төрелік сотта іс қарауда немесе басқа заң рәсімдерінде өзін немесе өзінің қандай да болмасын активтерін қорғауға қадам жасамауға келіседі.

1 5 - б а п

Қолданылатын құқық

Осы келісімнің түсіндірілуі мен орындалуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

1 6 - б а п

Күшіне енуі

Осы келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді, белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі осы келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы басқа Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап бір жыл өткенге дейін күшінде қ а л а д ы .

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ РАСТАУ ҮШІН, оған қажетті өкілеттіктері бар төменде қол қоюшылар, осы келісімге қол қойды.

200__жылғы " __ " _____ каласында қол қойылды, екі данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші б і р д е й .

Осы келісімнің ережелерін түсіндіруде немесе қолдануда келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін:

Federal Express Corporation

үшін:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК